

Тұрғын үй құрылысын ұзақ мерзімді қаржыландырудың және ипотекалық несие беру жүйесін дамытудың бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 қараша N 1774

Тұрғын үй құрылысын ұзақ мерзімді қаржыландыруды дамыту және ынталандыру, ипотекалық несие беру жүйесінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Тұрғын үй құрылысын ұзақ мерзімді қаржыландырудың және ипотекалық несие беру жүйесін дамытудың бағдарламасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігімен, Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі

ұлттық комиссиясымен (келісім бойынша) бірлесіп жаңа экономикалық жағдайда тұрғын үй саясатын іске асыру тетігі жөнінде нормативтік құқықтық құжаттар пакетін әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 28 қарашадағы
N 1774 қаулысымен
бекітілген

**ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ
ЖӘНЕ
ИПОТЕКАЛЫҚ НЕСИЕ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУДЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**

ЕСКЕРТУ. 2,3,7-жолдар өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1369
қаулысымен.

P011369_

1. Паспорт

Бағдарламаның атауы Тұрғын үй құрылысын ұзақ мерзімді қаржыландырудың және ипотекалық несие беру жүйесін дамытудың бағдарламасы.

Бағдарламаны әзірлеушілер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Экономика министрлігімен, Ұлттық Банкімен (келісім бойынша) және Қазақстан Республикасының Ұлттық комиссиясымен (келісім бойынша) бірлесіп Энергетика, индустрия және сауда министрлігі. Негіздеме: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 тамыздағы N 1290

P001290_

қаулысы.

Бағдарламаны іске асыру мерзімі Тұрғын үй құрылысын ұзақ мерзімді қаржыландырудың және ипотекалық несие беру жүйесін дамытудың бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары 2000-2003 жылдар ішінде бірінші кезектегі міндеттерді шешуге бағытталған.

2. Кіріспе

Тұрғын үй құрылысын қаржыландыру тетігін жасау, халықтың қалың жіктерінің тұрғын үй проблемаларын шешу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес тұрғын үй құрылысын ынталандыру мақсатында "Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамыту және тұрғын үй қорын сақтау тұжырымдамасы" әзірленуде. "Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын ұзақ мерзімді қаржыландыру және ипотекалық несие беру жүйесін дамыту тұжырымдамасы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 тамыздағы N 1290 P001290_ қаулысымен мақұлданған.

Құрылыстық жинақ жүйесін дамытумен қатар, тұрғын үй мәселелерін шешудің маңызды бағыттарының бірі ипотекалық несие беру жүйесін дамыту болып табылады. Жылжымайтын мүлікті кепілге салған халыққа несие беруге банктердің қатысуын жандандыру есебінен ипотекалық несие беру жүйесін дамыту жүзеге асырылады. Банктер ипотека пулаларымен қамтамасыз етілген ипотекалық облигацияларды шығару жолымен қайта қаржыландырылуы мүмкін.

Ипотекалық несие беру жүйесін қалыптастыруда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банктің негізгі рөлі қатысушылардың қаржылық тәуекелін азайту мен азаматтар үшін тұрғын үйге қол жеткізуді арттыру мақсатында заңнамалық базаны жасау және процесті нормативтік реттеу нысанында көзделуде.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, халықаралық қаржы ұйымдары мен екінші деңгейдегі банктер құрылтайшылары болып табылатын акционерлік қоғам нысанында ипотекалық компания құрылуы тиіс. Осы компания несиелік ресурстарды жылдам қайтаруды және өтімділігі проблемасын шешуді қамтамасыз етуге арналған кепілзат қайталама рыногының мәселелерін қарайтын болады.

3. Тұрғын үй құрылысының қазіргі жағдайын талдау

Тұрғын үйді қаржыландырудың дәстүрлі кеңестік жүйесі тұтас алғанда, жүргізілген тұрғын үй саясатына сәйкес болды және мемлекеттік тұрғын үй салуға арналған бюджеттік ресурстарды орталықтандырылған бөлуде және оны тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін кезекте тұрған азаматтарға тегін беруінде жатыр.

Егер, сандық көрсеткіштерге сүйенетін болсақ, Қазақстандағы тұрғын үй жағдайы кәдімгідей тәп-тәуір болып көрінеді - халқының саны 15 млн. адам республикадағы тұрғын үйдің жалпы көлемі 253 млн. шаршы метрді құрайды, яғни, бір адамға орта есеппен 17 шаршы метрден келеді. Алайда, тереңірек үңілсек, осы салада елеулі кемшіліктердің жеткілікті екендігін көруге болады.

Тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж, тиісті әкімдер қызметтерінде есепте тұрған 264 мың отбасын тұрғын үймен қамтамасыз ету және республикада бар екі миллионнан астам апатты және тозған тұрғын үй қорынан көшіру үшін жылына кемінде 3-3,5 млн. шаршы метр жаңа тұрғын үй салу қажет.

Соңғы жылдары тұрғын үй проблемасының өткірлігін белгілі дәрежеде көші-қон процестері бәсеңдеткен еді - тұрғын үй рыногына барлық жерде ұсыныс - сұраныстан жоғары, ал тоқыраған аймақтарда, тіпті, иесіз және бос қалған пәтерлер (шынын айтқанда, негізінен тоналған және қайта жинақталған) бар. Әйтсе де, тұрғын үй көлемінің ең төменгі қажеттілігімен және қазіргі көлемінің, теңгерімі жол беруге болмайтын мөлшерде бұзылған, егер халықтың келешектегі ықтимал өсімін және олардың бұдан гөрі қолайлы және кең үй алуға ниетін ескерсек, ол одан әрі арта

б е р е т і н

б о л а д ы .

Қазақстанда экономикалық өзгерістердің басынан бастап, өзінің маңыздылығына қарамастан тұрғын үй реформасы өте баяу қарқынмен жүргізілуде. Жаңадан салынған тұрғын үйге халықтың көпшілік бөлігінің төлем қабілетінің төмен болуы, сондай-ақ дайын тұрғын үйді сатып алуға ұзақ мерзімді несиенің болмауы жағдайында, реформаның алғашқы жылдарында құрылған тұрғын үй рыногы қажетті несие-қаржы тетіктерімен қамтамасыз етілмеді. Сонымен қатар, республикада бірнеше жыл бойы іске қосылған тұрғын үй көлемі қолда бар тұрғын үй қорының шамамен 0,5%-ын құрайды және үй құрылысының тозған және апаттық көлеміне теңеседі. Осындай қарқынмен тұрғын үй қорын жаңарту жағдайында оның біржола тозуының нақты қаупі бар және егер, тұрғын үйдің көпшілігі сейсмикалық қауіпті аймақтарда орналасқанын ескеретін болсақ, онда тұрғын үй құрылысындағы мұндай саясаттың зардаптары а п а т т ы б о л ы м ү м к і н .

Жылжымайтын мүлікке азды-көпті сұраныс қалыптасқан бірден-бір орталықтар - Алматы мен Астана қалалары болып табылады, себебі, бұрынғыдай бизнес таңдаулылары ғана емес, шетелдіктерді қоса алғанда, сонымен бірге мемлекеттік органдар қызметкерлерінің көпшілігі жиналған, сондай-ақ бұған өнеркәсіп саласының негізінен жұмыс істеп тұрған өндіруші және қайта өңдеуші кәсіпорындары шоғырланған кейбір қалалар енеді.

Халықтың едәуір бөлігінің ақша жинау деңгейі 1999-2000 жылдардан бастап өсе бастағанына қарамастан, төмен болып қалуда. Сонымен бірге, соңғы екі-үш жылда жеке тұрғын үйге (қолайлы үйлерге көп пәтерлі үйлердегі қайта салынған және ірілендірілген пәтерлерге) сұраныс артты.

Тұрғын үй ұсынысына келетін болсақ, онда республиканың бүкіл аумағында шамамен бірдей көрініс байқалады. Тұрғын үйдің басым көпшілігі қайталама рынокта ұсынылады, сонымен бір мезгілде, жаңа салынған тұрғын үй рыногы нашар дамуда. Мысалы, 1999 жылы тұрғын үй құрылысының көлемі 1990 жылмен салыстырғанда 7 еседен астам төмен болған еді. Осы көрсеткішті республика халқының санына қатысты есептеу кезінде де тұрғын үй құрылысы көлемінің қысқаруы байқалады.

Статистика деректері екі тенденцияны көрсетеді. Олардың біріншісі - мемлекеттік емес секторда салынған тұрғын үйдің үлес салмағының тұрақты өсуі, яғни, бәрінен бұрын жеке құрылыс салушылардың маңызының артуы. Егер 1990 жылы тұрғын үйдің 85%-ын мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар салса, 1999 жылы жағдай түбегейлі өзгерді, жаңа тұрғын үй құрылысының 90%-ы жеке сектордың үлесіне тиді.

Қазіргі уақытта, бастапқы рыноктағы тұрғын үйдің бағасы қайталама рыноктағы бағадан 1,5-2,5 есе артып отыр. Сондықтан, тұрғын үй рыногының дамуы мен тұрғын үй несиесінің ықтимал тетіктерін қалыптастырудың алғашқы кезеңдерінде, бірінші кезекте, қайталама рыноктағы қазіргі тұрғын үйлер іске қосылады. Бұдан әрі жағдай ө з г е р у і т и і с .

Құрылыс саласында инвестициялық белсенділіктің құлдырауы жағдайында құрылыс секторына бюджеттен тыс қаражатты тартудың жаңа тетіктерін нақты іске қосудың маңызы бірнеше есе артады, соның ішінде тұрғын үй құрылысына ипотекалық несие беру есебінен, өйткені, мұның өзі құрылыс саласын дамытуға, жұмыспен қамту көрсеткіштерін жақсартуға, әлеуметтік сипаттағы бірқатар проблемаларды шешуге шынында да, көмектесуі мүмкін.

Рыноктық тетіктердің дамуы үшін жағдай жасау, қоғамның бюджеттен тыс ресурстарын жұмылдыру және оларды несие-қаржы саласына бағыттау ұзақ мерзімді ипотекалық несие беру проблемасын шешудің негізгі жолы болып табылады.

Отбасының табысы мен халықтың меншікті қаражаттары ипотекалық несие беру рыногын қалыптастыруды қаржыландыру көзі болады. Жеке тұлғаларға несие берудің қалыптасқан практикасына және таяу уақытта несие берудің ең ықтимал тенденциясына сүйенетін болсақ, ықтимал заемшылардың жиынтық саны жылына 2-3 мың болады. Сонымен бірге кәсіпорындардың, жинақтаушы зейнетақы қорларының, сақтандыру ұйымдары мен инвестициялық қорлардың қаражаты тартылатын болады.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Ұзақ мерзімді тұрғын үй құрылысын дамытуға бірінші кезекте халықтың қаражатын тарту мақсатында "Қазақстан Республикасындағы құрылыстық жинақ туралы" Заңның жобасы әзірленді және Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына ұсынылды. Құрылыстық жинақ жүйесі жеке және заңды тұлғалардың қаражатын банктік салымдарға тартуға және осы жинақтар есебінен салымшыларға несие беруге негізделген тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың тұйықталған жүйесі болып табылады. Құрылыстық жинақ жүйесі - дамыған қаржылық рыноктарды қажет етпейді және орташадан төмен табыстары бар халықтың қалың жігіне бағдарланған. Оның үстіне, құрылыстық жинақ дәстүрлі ипотекалық несие беруге қарағанда, жоғары инфляция кезінде де орын алуы мүмкін.

Құрылыстық жинақ банкі төлеген қаражат (жинақ+несие) тұрғын үй жағдайын жақсарту (жаңа тұрғын үй салу, қайталама рынокта тұрғын үйді сатып алу, пәтерді күрделі жөндеу) жөніндегі іс-шараларға жұмсалуды мүмкін.

Ұзақ мерзімді ипотекалық несие беру бағдарламасының мақсаты азаматтардың меншікті қаражаттары мен ұзақ мерзімді ипотекалық несиенің есебінен монополиядан арылған тұрғын үй рыногында тұрғын үй сатып алудың нарықтық қағидаттарына негізделген, орташа табысы бар азаматтарды шамасы жетерлік баға бойынша, тұрғын үймен қамтамасыз етудің тиімді жұмыс істейтін жүйесін құру болып табылады.

Б ұ л ж ү й е н і қ ұ р у :

тұрғын үй саласына халықтың жинағы мен бюджеттен тыс басқа да түрдегі қажетті қаржы ресурстарын тартуға;

тұрғын үй рыногын жандандыруға мүмкіндік туғызады.

Құрылатын ипотекалық несие беру жүйесі:

қазақстандық заң базасына және нақты экономикалық жағдайларына бейімделген
б о л у ғ а ;

даму сипатында болуға ;

азаматтардың, банктердің, инвесторлардың, зейнетақы қорларының, сақтандыру компанияларының және басқа да көздердің қаржылық ресурстарына негізделуге тиіс.

Ұзақ мерзімді ипотекалық несие беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуы үшін
мынадай негізгі міндеттер :

заңнамалық және нормативтік базаның жетілдірілуі, ипотекалық несие беруді қаржыландырудың қосымша көздерін қамтамасыз етуші зейнетақы активтерін орналастыру тәртібіне өзгерістер енгізілуі;

ипотекалық несие беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға үміткер екінші деңгейдегі банктерге қойылатын өлшемдердің белгіленуі;

екінші деңгейдегі банктердің ипотекалық облигацияларды шығару тәртібінің
б е л г і л е н у і ;

зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың жинақтаушы зейнетақы активтерінің есебінен ипотекалық облигациялар сатып алуына рұқсат ету тәртібінің
б е л г і л е н у і ;

ипотекалық несиелер алушы азаматтардың, кредиторлар мен инвесторлардың
с а л ы қ т ы қ ы н т а л а н д ы р ы л у ы ;

заемшыларды кредиторлардың әрі заңсыз әрекеттерінен де, әрі бұрын алған ипотекалық несиені өтей алмаған жағдайда, үйден шығару рәсімі кезіндегі, оларды әлеуметтік бейімделуі үшін де әлеуметтік қорғау тетіктерінің жасалуы;

әрі жеке, әрі мүлктік сақтандыру рыногының дамытылуы көзделуі тиіс.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары м е н т е т і к т е р і

Ипотекалық несие беруді үлкен көлемде жүзеге асыруға қабілетті жоғары деңгейде қаржыландырылған мемлекеттік емес ұйымдар болмағандықтан және қайта қаржыландыру тетігін қамтамасыз ететін мемлекеттік ұйымдарды құру қиынға соғатын , қалыптасып отырған экономикалық жағдайда Қазақстан үшін Малайзияның ипотекалық несие беру жүйесін дамыту моделі неғұрлым қолайлы болып табылады. Бұл модель ипотекалар пулымен қамтамасыз етілген ипотекалық облигациялар шығару жолымен банктер қайта қаржыландыра алатын тұрғын үй рыногының дамуын қамтамасыз ететін ипотекалық компания құру арқылы жұмыс істейді. Бұл орайда, кейіннен еуропалық немесе американдық модельдерді қолдану мүмкіндігі де жоққа шығарылмайды .

Дүние жүзінің көптеген елдерінде тұрғын үйді несиеге сатып алу халықтың тұрғын үй проблемасын шешудің негізгі нысаны ғана емес, сонымен бірге бұл экономикалық қызметтің негізгі саласы да болып табылады, мұнда осы салаға қажетті қаржыны құюды қамтамасыз ететін шешуші рөлді банк құрылымдары атқарады. Ұзақ мерзімді ипотекалық несиелерді банктер мен өзге де заем берушілер заем алушы азаматтарға беретін, сондай-ақ заем берушілерді несие беру үшін қажетті ұзақ мерзімді ресурстармен қамтамасыз етудің тетігін қамтитын ипотекалық несие берудің тұтастай жүйесі болуы тиіс. Ипотекалық несиелерді берудің және оларға қызмет көрсетудің рәсімдерін стандарттау заемшылардың төлем қабілеттілігін бағалау ережелерін, сондай-ақ қаражаттар тартудың қаржылық құралдарын айқындау өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Ипотекалық несие беретін заем берушілердің өтімділігін қамтамасыз ететін тұтас, тиімді жұмыс істейтін тұрғын үйге ипотекалық несие берудің жүйесі оларды қайта қаржыландыру тетігінің жұмыс істеуіне негізделген және ол ипотекалық несиелердің бастапқы да, қайталама да рыногын қамтиды.

Ықтимал құрылтайшылары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, халықаралық қаржы ұйымдары, екінші деңгейдегі банктер болатын акционерлік қоғам нысанындағы ипотекалық компания осындай институт бола алар еді. Қызметінің бастапқы кезеңінде осы компания резервтік және бастапқы

айналымдық күрделі қаржының функциясын атқаруы тиіс.

6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Несиелік ұйымдардың ұзақ мерзімді несиелік ресурстарды тарту модельдері мыналар:

несие берушілердің ипотекалық облигацияларды шығаруы және оларды қаржы рыногында сату;

ұжымдық инвестициялар жүйесі арқылы заем берушілердің қайта қаржыландыруы;

ипотекалық несиелер қайталама рыногының операторлары арқылы заем берушілердің қайта қаржыландыруы болып табылады.

Рыноктың дамуына қарай ұзақ мерзімді несиелік ресурстарды тартудың өзге де модельдері пайдаланылуы мүмкін.

Ипотекалық несие беру үшін ұзақ мерзімді ресурстарды тарту мынадай көздерден:

банктер, сондай-ақ өзге де ұйымдар (қорлар) беретін несиелік желілер мен заемдардан;

екінші деңгейдегі банктер шығаратын ипотекалық облигацияларды

институционалдық және басқа да инвесторлардың арасында орналастыру есебінен;

мақсатты облигациялық заемдарды орналастырудан түскен қаражаттардан; қайталама рыногында қаржы құралы ретінде кепілзаттарды сатудан жүзеге асырылуы тиіс.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер:

халықтың қалың жіктерінің тұрғын үй жағдайын жақсарту;
2003 жылға дейін тұрғын үйді іске қосуды жыл сайын 1500 мың шаршы метрге дейін өсіру есебінен республикада тұрғын үй қорын арттыру;
пайдалану мерзімін арттыру және тұрғын үй қорының қолайлылығын жақсарту;
азаматтардың қауіпсіз өмір сүруін арттыру;
елді мекендердің сәулеттік келбетін жақсарту;
тұрғын үй проблемасын шешу кезінде азаматтардың жеке бастамашылығын ынталандыру;
республика азаматтары мен жылжымайтын мүлік рыногының жағдайын тұрақтандыру;
құрылыс саласын дамыту;

құрылыс материалдары өнеркәсібінің, электротехника, металлургия және химия өнеркәсібінің өнімдерін, сондай-ақ жаңа тұрғын үйді жайластыру заттарын шығаруды арттыру есебінен сабақтас салаларда мультипликативтік тиімділікке қол жеткізуі;
құрылыс қызметіне салықтың, жылжымайтын мүлік салығының, құрылыс пен онымен сабақтас басқа да салаларда жұмыс істейтін қызметкерлерден алынатын табыс салығының жиналуын арттыру;
жаңа жұмыс орындарын құру;
Қазақстанның экономикасын дамыту.

8. Тұрғын үй құрылысын ұзақ мерзімді қаржыландырудың және ипотекалық несие беру жүйесін дамытудың бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары

Рет! Іс-шара ! Аяқтау ! Орындалуына ! Орындау
N ! ! нысаны ! жауаптылар ! мерзімі

1 Ипотекалық несиe беруді Нормативтік Ұлттық Банк 2001 жылдың екінші деңгейдегі құқықтық (келісім бойынша), маусымы банктердің жүзеге асыруын кесімнің ЭИСМ реттейтін нормативтік жобасы құқықтық кесім әзірлеу

2 Тұрғын үй құрылысы Нормативтік Ұлттық Банк Тұрақты

саласында ипотекалық құқықтық (келісім бойынша), несиe беру жүйесін кесімдердің ҚарМ, ЭИСМ дамытудың нормативтік жобалары құқықтық базасын жетілдіру

3 Қазақстан Республикасы Қазақстан Ұлттық Банк 2001 жылдың

Президентінің Республикасы (келісім бойынша), желтоқсаны "Жылжымайтын мүліктің Заңының ҚарМ, ЭИСМ, ипотекасы туралы" заң жобасы күші бар Жарлығының кепілге берілген мүліктен өндіріп алу және ипотекалық куәлік бойынша құқық беру бөлігіне өзгеріс пен толықтыру енгізу

4 "Тұрғын үй қатынастары Қазақстан ЭИСМ, Ұлттық Банк 2002 жылдың туралы" Қазақстан Республикасы (келісім бойынша), маусымы Республикасы Заңының Заңының ҚарМ бұрынғы меншік иесі жобасы отбасы мүшелерінің немесе осы үйде тұрақты тұрған басқа да адамдардың несиелік қаражаттарының көмегімен сатып алынған,

кепілге берілген тұрғын
үй-жайға мүлік өндіріп
алу процесінде меншік
құқығы басқа тұлғаға
өткен жағдайда, кепілге
берілген тұрғын үйді
пайдалану құқығын тоқтату
бөлігіне өзгеріс пен
толықтыру енгізу

5 Екінші деңгейдегі Нормативтік БҚҰК (келісім 2001 жылдың
қазақстандық банктердің құқықтық бойынша), Ұлттық наурызы
ипотекалық облигацияларды кесімнің Банк (келісім
шығару тәртібін әзірлеу жобасы бойынша), ЭИСМ

6 Екінші деңгейдегі Нормативтік БҚҰК (келісім 2001 жылдың
банктердің ипотекалық құқықтық бойынша), ЭИСМ наурызы
облигацияларды зейнета. кесімнің
қылық және өз активтері жобасы
есебінен сатып алуға
зейнетақы активтерін
басқару жөніндегі
компанияларға рұқсат ету
тәртібін әзірлеу

7 Қазақстан Республикасы Қазақстан Ұлттық Банк 2001 жылдың

Президентінің "Қазақстан Республикасы (келісім бойынша), желтоқсаны
Республикасындағы банктер Заңының ҚарМ, ЭИСМ
және банк қызметі туралы" жобасы
заң күші бар Жарлығына
және "Банкроттық туралы"
Қазақстан Республикасының
Заңына банк банкроттыққа
ұшыраған жағдайда
ипотекалық облигациялар
шығарумен қамтамасыз ету
жөніндегі талап жеке

конкурстық массаға
бөлінетіндігі туралы
өзгеріс пен толықтыру
енгізу

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.